

Осы оқу жылында мемлекеттік аттестациялау шегінде тесттілеуге оқушыларды дайындауда тиімді әдістері бойынша семинар өткізу жоспарлануда.

Әдістемелік бірлестік мұғалімдерге Халықаралық деңгейде біліктілігін көтеруге мүмкіншілік береді. Мұғалімдер екінші жыл «21 ғасырдың инновациялық мектебі» атты жобасына Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА-мен ұйымдастырылған және облыстық БКИ және Халықаралық институтымен «Барлық үшін білім беру» жобасына қатысады. (Торонто, Канада). Осы жобаға қатысу мұғалімдерге тек қана құзыреттілік тәсілді меңгеріп қана қоймай және оны оқу үдерісінде енгізуге мүмкіншілік береді. Практикалық семинарда педагогтар өздерінің біліктілігін оқушылардың оқу құзыреттілігін қалыптастыру көзқарасынан сабақта көрсете білді. Мұғалімдер өзінің кәсіби біліктілігін арттыру бойынша жүйелі жұмысы тұрақты білім беру жүйесін қамтамасыз етеді. Осы барлық нәтижелерге қарамастан әдістемелік бірлестігінің мұғалімдері үшін ең өзекті болып қалатын мәселелер:

- аттестацияланатын мұғалімдерді қолдау;
- әдістемелік тақырыбына мұғалімдердің жұмысын ұйымдастыру;
- кәсіби сайыстарда педагогтардың белсенді қатысуын ынталандыру;

Жаңа оқу жылына әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарында келесідегідей өзекті сұрақтар анықталады:

1. Мемлекеттік аралық бақылау мен Ұлттық бірыңғай тесттілеуге оқушылардың дайындау сапасын арттыру.

2. Қазақ тілі және қазақ әдебиеті сабағында оқушылардың шығармашылық талабын дамыту.

3. Оқу үдерісінде тиімді білім беру технологиясын қолдану.

4. Әдістемелік тақырыбына мұғалімдерді ілестіру.

Осы құрылған әдістемелік бірлестік жұмысының жүйесі мұғалімдердің кәсіби араласу орны болып қана қоймай, олардың кәсіби және жеке басты артуының орны болып табылады.

Барлық мұғалімдер кәсіби портфолио жүргізеді және олардың педагогикалық зерттеу үшін әдістемелік тақырыптары бар.

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН РЕФОРМАЛАУ БАРЫСЫНДА Ы.АЛТЫНСАРИННЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Ахмадиева Н.М.

Ы.Алтынсарин атындағы Обаған орта мектебі

Бүгінгі таңда тәуелсіз мемлекетіміздің білім саласындағы басты мақсаты – білімнің жаңа ұлттық үлгісін енгізу және оны қалыптастыруға толық негіз қалау. Тарихтың даму белестерінде әрбір халық, саяси-әлеуметтік, мәдени және идеологиялық жағдайына сай рухани-дәстүрлік, адамгершілік қасиеттерін қалыптастырып, оны ұрпақтар игілігіне қалдырып отырады.

Жаңа ғасыр-ерекше кезең. Бұл кезеңге ғасырлар бойы жинақталған іс-тәжірибелерімізге, бай мұраларымызға талдау жасалынып, жіктеліп, ойларымыз қорытылып, нәтижесінде белгілі бір жүйеге келу-өмір талабы.

Ұлттық педагогикамыздың ірге тасын қалаушы Ы.Алтынсариннің ағартушылық идеялары, ізгі ойлары, талғамы бүгінгі күні білім ошақтарында жалғасын тауып отыр. Қазіргі жастар тәрбиесінде, сонымен қатар жас жеткіншектерді тәрбиелеуде мектептің рөлі және сол білім ұясындағы біздер, ұстаздардың, еңбектерінде жиі кездесетін, сол идеяларға сүйене отырып еңбек жолымызды шыңдаймыз.

Еліміздің үлкен бір проблемасы жастар проблемасы болып саналады. Ендеше бүгінгі алға қойған мақсат Ы.Алтынсариннің еңбек, тәртіп, тәрбие идеяларына тоқталып, қазіргі заман талабымен ұштастыру. Ыбырай атамның ізгі ойлары мен педагогикалық идеяларында оның ішінде оқушы жастарды имандылыққа тәрбиелеу тәсілдері мен жолдарына айрықша көңіл бөлінеді. Данышпан әр оқушыны біртұтас жасампаз тұлға деп қарайды. Сондықтан жеке адамның бойынан жоғарыда айтылған адамгершілік қасиеттерінің бәрі табылса біртұтас мінез қалыптастырады. Бұлар мектеп қабырғасындағы мұғалімдердің оқушыларға дұрыс жүйелі, табанды түсіндірумен, балаларға дұрыс талап қоя білулерімен жүзеге асырылады және ұзақ уақытты қажет етеді дейді. Ы.Алтынсарин шығармашылығының басты мәселесі – балаларды ұқыптылыққа, мейірімділікке, әдептілікке үйрету. Осы идеяның бәрі де баланы оқыту, үйрету, тәрбиелеу процесі арқылы іске асатынын Ыбырай дұрыс түсінген, дұрыс шешкен...

Біздің мектебіміздің тәрбие жүйесі халқымыздың салт-дәстүрін, мәдениетін өзіндік үлгі өнегесін жеткіншек ұрпақ бойына сіңіру, оқушылардың таным қабілетін этнопедагогика негізінде тәрбиелей отырып, ұлттық сананы қалыптастыру, оқушыға қажетті жағдай жасау, өз бетімен дамуына жетекшілік етеді. Оқушылар арасында жасына қарай «Жас көмекші», «Жас ұлан», «Мұрагер» топтары құрылған. Топтардың мақсаты - әр балаға үлкенді сыйлау, көмек беру сияқты халқымыздың бойына біткен қасиеттерді ұғындыру. Ауыл тұрғындарымен бірлесе Наурыз мейрамында ұлттық ойындар түрін көрсету, аналар мен қыздар арасындағы сайысты өткізе отырып, қыз балаларды инабаттылыққа тәрбиелеу, бата түрлерінің мағынасын ұғындыру, қонақжайлығымызды насихаттау. Мектеп ұжымы Ыбырай Алтынсарин атындағы мектептер қатарында «Ыбырайдың аңсаған арманы» атты шеруге қатысып облыстық жүлде иегері болды. Осы шеру барысында үлкен бағдарлама бойынша мектепте көптеген іс-шаралар ұйымдастырылды. Солардың бірі «Ыбырай- саған арналады» айдарлы комунарлық жиын, «Дала қоңырауы» атты театрланған көрініс, «Ыбырай Алтынсариннің гуманистік идеялары» атты мектепшілік конференция.

Парасатты педагог «мектеп-әр шәкірттің қабілетін дамытып, қамқоршы-жасампаз тұлға тәрбиелеу міндетін атқаруы тиіс» екенін өзі-ақ түсінеді. Ыбырай Алтынсарин мұғалімнің бойында адамгершілік мінезді, әдептілік, имандылықты қалыптастырып, ымырашылдыққа, мейірімсіздікке жол бермеу керектігін барлық еңбектерімен тиянақтап кетті.

Оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруда ол дүние жүзі педагогика классиктері Ушинский, Руссо, Каменский, Толстой, т.б. гуманистік идеяларын басшылыққа алады. Ыбырай Алтынсариннің көзқарастарынан бүкіләлемдік тәлім-тәрбиенің алатын діңгегі гуманистік көзқарас, яғни шәкіртке жылы жүректі болу, мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық принциптерінің көрініс тапқанын байқаймыз. Мысалы, өзінің екі класстық мектептердің меңгерушісіне жазған нұсқау хатында ол «Егер балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиіс емес, оларға түсіндіре алмаған өзін кінәлау тиіс. Ол балалармен сөйлескенде ашуланбай, жұмсақ сөйлесуі, шыдамдылық етуі керек, әрбір нәрсені де ықыласпен түсінікті етіп түсіндіру керек, орынсыз терминдерді қолданбау керек, мұндай сөздер оқушыларға түсініксіз болады да, жалықтырып жібереді...» Ы.Алтынсарин демократиялық-ағартушылық бағыты оның педагогикалық көзқарасының үш бірдей саласынан көрініс тапты. Біріншіден, бүкіл өмір жолын мектеп ашуға, қазақ балаларын оқуға тартуға, дүние ғылымдарын үйретуге және соған оқу құралдарын жазып шығаруға арнаса, екіншіден, өнегелі ұстаз тәлімгер даярлауға, оларға күнделікті ғылыми-әдістемелік басшылық жасауға көңіл бөлді. Үшіншіден, шығармаларында қазақ халқының XIX ғасырдағы қоғамдық өмірінде болған саяси әлеуметтік мәселелерді жан-жақты қамтып жазуға жұмсады. Ол кез келген шығармаларында шәкірттерді адал, шыншыл, еңбек сүйгіш, өнерлі азамат болуға, жат мінезден бойын аулақ ұстауға шақырды. Ұлан-байтақ қазақ даласында мектептер ашу, балаларды өз ана тілінде оқыту – оның басты арманы болатын.

Қазіргі жаңалық деп жүрген ынтымақтастық идеясын сол кездің өзінде-ақ қалыптастырды. Ұстаз, шәкірт, ата-ана және халықтар арасындағы бағалы қасиеттерді мәртебелеу, сақтай білу-оқу орнының, педагогикалық ұжым мүшелерінің басты міндеті екендігін жан-жақты көрсетіп берді.

Бала тәрбиелеуде Ыбырай Алтынсарин ананың роліне ерекше көңіл бөліп, оның аналық махаббатын, бала өсірудегі үздік қызметін тамаша суреттеген. Баланың алғашқы тәрбиесі ананың қолында болатынын айтқан. Өйткені бала ананың бауыр еті, соғып тұрған жүрегі деп бағалаған.

*«Бала, бала, бала деп,
Түнде шошып оянған.
Түн ұйқысын төрт бөліп,
Түнде бесік таянған.*

*...
Қолын қатты тигізбей,
Кірлі көйлек кигізбей,
Иісін жұпар аңқытқан».*

Бала тәрбиелеуде бұл ана еңбегін қадірлей білген үздік баға деуге болады. Балаға осындай өлеңдерді оқып берсе, ана қадірінің теңдесі жоқ, қымбат та, қадірлі екенін сонда ғана сезіне бастар еді. «Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада» деген сияқты ана еңбегін қадірлемеу, сыйламау болмас та еді.

Ата-анасын сыйламайтын бала – ол жолдасына да, қоғамға да ешқандай дұрыс қызмет ете алмайды. Өзін әлпештеп өсірген адамға немқұрайлы қараудан, анаға опасыздық етуден ауыр қылмыс жоқ. Ал «Ананың сүйюі» деген өлеңі бала жанын тебіренерліктей мұнан да күшті, мұнан да әсерлірек жазылған.

*«Кім сендерді, балалар, сүйетұғын,
Қуанышқа қуанып, қайғыға күйетұғын.*

*Кім сендерді сағынар шетке кетсең,
Ғылым іздеп, тез қайтпай көпке кетсең,
Ұмытпа ең кемінде жұлдыз сайын,
Хат жазып тұр төбесі көкке жетсін!» –*
деп ана қадірін аяққа бастырмауға үндейді.

Ана жүрегі, ананың аялы алақаны қашан да құдіретті екенін естен қалғысыздай етіп жадында сақтауды міндеттейді. Әдебиет адам тану құралы дейміз ғой. Ыбырай Алтынсарин ана құдіретін, ана бейнесін жас өспірімдерге әдебиет арқылы танытып отыр. Бұл жолдар баланы ананың жан дүниесіне үңілтеді. Мұнда аналық мейірімнен туған аналық қасиеттің молдығын, асылдығын балаларға ұғындыру мақсаты көзделген. Ата-ананы сыйлай білген бала, оның қадір-қасиетін түсінген бала басқаның да қадір-қасиетін өз ата-анасындай құрметтей алатын боп өседі. Ыбырай Алтынсариннің балаларға арналған шығармалары да тәрбие жұмысына бағытталған.

Бүкіл адамзат қоғамындағы материалдық және рухани байлықтың бәрі де адам еңбегінің құдыреті арқылы жүзеге асады. «Еңбек-байлық атаулының негізі... Ол бүкіл адамзат өмірінің алғы шарты. Адамның өзін жасаған еңбек»-деп ғылыми түрде тұжырымдап көрсеткен. Сол адамзат қоғамы тарихымен тығыз бірлікте жасап келе жатқан жасампаз тәрбие нысаны – еңбек пен кәсіпке үйрету, оның еңбегін үнемді ету. Алтынсарин қазақ жастары арасынан экономика салаларына қажетті мамандар әзірлеу ісіне ерекше мән беріп, қолөнер, ауыл шаруашылығы училищелерін ашуға көп күш жұмсады. Торғайда қолөнер училищесін ұйымдастырды. Қайтыс болар алдында Қостанайда ашылғалы отырған ауыл шаруашылығы училищесіне өзінің иелігіндегі жерін беретіні туралы өсиет қалдырды. Қазіргі кезде мектептерді дамыту бағыттарының бірі-бейіндеп оқыту. Осыған орай біздің мектепте жаратылыстану-математикалық бағыты бойынша 10-11 сыныптарда бейіндеп оқыту мақсатында «Физика және техника», «Химия және экология», «Химия және фармакология» тағы басқа қолданбалы курстары жүргізіліп отыр. Ал орта буын оқушыларына кәсіп таңдауға көмек ретінде «Физика менің болашақ мамандығымда», «Мен және менің таңдар мамандығым» т.б. факультативті курстар жүргізіледі.

Еліміздің білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алуда. Қазақстанда білім берудің ұлттық үлгісі қалыптасып, жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білім, дағдысын қалыптастыру емес, тұлғаның ақыл-ойы, іс-әрекетін дамытуды көздеп отырғандықтан, мектепте жеке тұлға тәрбиелеп, оның ақыл-ой еңбегін арттырып, ой ұшқырлығын шыңдап, қоғамда ой-сана алуандылығын жетілдіру, қоғаммен байланыстыру, өз ортасымен байланыс жасау.

«Мұғалім мектептің жүрегі» деп ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин айтып кеткендей, заман талабына сай білім беруде, жас ұрпақ тәрбиелеуде ұстаздарға үлкен міндет қойылып отыр. Былтырғы 2009-2010 оқу жылынан бері Республика көлемінде жүріп жатқан «21 ғасырдың инновациялық мектебі» атты дүниежүзілік жобаға қатысып отырмыз. Бұл жоба барысында білім сапасын қамтамасыз ету жолдарында басты мәселелердің бірі: «Оқушыны оқуға қалай үйрету керек?» деген сауалға тоқталады. Демек, оқытуды ұйымдастырудың сапасын арттыру мақсатын жүзеге асыруда мұғалім оқушыларға өңделген оқу материалын дайын күйінде ұсынбайды, баланы өз бетінше ойлап отырып, іздендіретін тапсырмалар арқылы бағыт беруші болып саналады. Оқушыны ынталандыра отырып, пөнге деген қызығушылығын арттыратын әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану – мұғалім тарапынан көп ізденуді қажет етеді. Қазақ әдебиет пәнінен Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі» шығармасы бойынша Жаланова Гүлжан Байтұрғанқызы 11 сынып оқушыларымен сот түрінде, дәстүрден тыс сабақ үлгісін көрсетті. Сабақ барысында оқушылардың шығармашылығын, дарындылығын, ойлау қабілетін және сөздік қорын, белсенділіктерін байқадық. Мұғалім – ұйымдастырушы, жоспаршы, режиссер және бірге қатысушы болды. Математика пәнінің мұғалімі Мұратбек Рина өз сабағында интерактивті тақтаны қолдана отырып, үрдісті оқушының білімді өзі алу мүмкіндігі болатындай етіп ұйымдастырды. Баймолда Латирә тарих сабағында ұжымдық оқыту әдісін қолданып, оқушылардың жауапкершілігін арттырды. Өз тобына келгенде оқығанын айтып беру үшін, ойын ашық жеткізе білуге үйретті. Сыныптағы оқушылар әркім өз мүмкіндіктері шегінде барынша әрекет етіп және өзі үшін пайдалы нәрсе алды.

Білім беру жүйесін реформалау кезеңінде Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеялары, әдістемесіндегі көтерілген мәселелер өзінің өміршеңдігін танытып отыр. Ұлы ұстаздың педагогикалық көзқарасындағы ұсынған балаға еркіндік беру, жүрек жылуын беру, мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық, оқушы бойынан жақсы қасиеттерді табу тәрізді ұстанымдар білім беруді дамытудың басты мәселесіне айналып отыр. Ыбырай дәстүрі осылайша бүгінгі таңда жалғасын табуда.